



YESSENOV UNIVERSITY БОЙЫНША БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІ КӘСІБИ ТҮРҒЫДА ДАЯРЛАУДА ІСКЕРЛІК ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Калиева Гулжан Абужаровна

Ш.Есенов атындағы КТИУ п.ғ.к.
қауымдастырылған профессор (доцент)

«Адамның адамгершілігі жақсы ұстаздан болады ...»

Абай Құнанбаев

Yessenov University сұранысқа ие мамандар даярлауда өлкеміздегі бірден-бір және бірегей оқу орны. Өмірдегі көп мамандықтардың ішінде жан-жақты білімділікті, икемділікті, шеберлікті, ерекше шәкіртжандылықты, мейірімділікті қажет ететін мамандық та – ұстаздық мамандығы. Өйткені мұғалім еңбегі біріншіден, адамзат қоғамы тарихында жинақталған ғылым негіздерінен білім беруге тиіс болса, екіншіден, үнемі шәкірттерімен қарым-қатынаста болып, білсем, үйренсем деген бала арманы мен оның сырлы тағдырына басшылық етуді мойнына алған маман. Бүгінгі ұстаз шәкіртіне ғылым негіздерінен мәлімет беріп қана қоймай, оны дүниежүзілік білім, ақпарат, экономика кеңістігіне шығуға, яғни қатаң бәсеке жағдайында өмір сүруге тәрбиелеуі керек. Осындай мамандарды даярлау жоғары оқу орында жүзеге асырылады. Болашақ мұғалімдерді даярлауда жаңа әдістерді пайдалану қазіргі уақытта маңызды болып табылады.

Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін ұстаз ғұмырын күдіретті деп санайтын білімді мұғалімдер ғана жұмыс істей алады.

Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы — заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама.

Мемлекет болашағының кепілі- жастарға білім мен тәрбие беру мәселесінен өткір мәселе жоқ екені белгілі. Қазақтың кемел талантты ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынов: «Елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастау керек», -деген.

Білім беру жүйесінде жастарға сапалы білім беріп, олардың тұлға ретінде қалыптасуына, үйлесімді дамуына ұстаздардың жалпы педагогикалық, ғылыми-теориялық, әдістемелік жаңалықтар мен озық тәжірибені жетік меңгеруінің, кәсіби дамуының маңызы зор. Бұндай талапқа сай қызмет істеу үшін әрбір



ўстаз ўздіксіз ізденуі, сонымен бірге кәсіби білікті маман болуы тиіс. Бүгінгі таңда білім беру мазмұнын жаңарту өте маңызды өзгерістердің сатысында тұр. Білім беру мазмұнын жаңарту-сапалы білім, жарқын болашаққа негіздеп, бірқатар жетістіктер формуласын ұсынған үлгі және оқу-тәрбиелік үрдісті жан-жақты жаңа әдіс-тәсілдермен ұштастыру болып табылады. Білім беру жүйесіне өзгеріс енгізуге қажетті факторларға тоқталар болсақ, олар: – әлем стандартына сай білім беру;– бәсекеге қабілетті тұлға дайындау;– тәжірибелік дағдыларды дамыту – функционалды сауаттылықты арттыру;– ұстаздардың кәсіби шеберлігін жетілдіру [1]. Бағалау жүйесі түбегейлі өзгеріске ұшырап, критериалдық бағалау жүйесіне өтті. Критериалды бағалауда оқушылардың үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығымен өлшенеді. Оқушылардың пән бойынша үлгерімі екі тәсілмен бағаланады: қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау. Қалыптастырушы бағалау күнделікті оқыту мен оқу үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылады, сонымен қатар тоқсан бойы жүйелі түрде жүргізіледі. Қалыптастырушы бағалау үздіксіз жүргізіле отырып, оқушылар мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және оқу үдерісін түзетіп отыруға мүмкіндік береді. Жиынтық бағалау оқу бағдарламасының бөлімдерін (ортақ тақырыптарын және белгілі бір оқу кезеңін (тоқсан, оқу жылы, орта білім деңгейі) аяқтаған оқушының үлгерімі туралы ақпарат алу мақсатында балл және баға қою арқылы өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау барлық пәндер бойынша қолданылады. Білім берудегі жаңартылған бағдарламаның мәні, баланың функционалды сауаттылығын қалыптастыру. Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірінде қажетке асыра білуі. [2] XXI ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, оқушылардың бойына қажетті дағдыларды дарыту үшін, әрбір ұстаз тынымсыз еңбектенуі тиіс. Әлемдік тәжірибедегі алдыңғы қатарлы идеяларды басшылыққа ала отырып, функционалды сауаттылығымызды арттыру үшін сыни тұрғыда ойлай алатын мұғалімдер қатарын көбейтсек, жақсы нәтижеге жетеміз. Бүгінгі ұстаздар қауымына қойылатын талап та жоғары болмақ. [3] Олар жан-жақты, әлемдегі жаңалықтардан мағлұматы бар, үнемі шығармашылық ізденістегі, кәсіби біліктілігін шыңдайтын жеке көзқарасы бар, соны қорғай білетін жігерлі тұлға, зерттеушілік қабілеті бар, білімді де білікті, көп оқитын, көп тоқитын, білімін күнделікті ісіне шебер қолдана білетін, өзінің оқушысын өз бетінше білім алуға баулитын кәсіби маман иесі болуы керек.



Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты - бәсекеге қабілетті маман дайындау. Мектеп – үйрететін орта, оның жүрегі - мұғалім. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс - оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау - әр мұғалімнің борышы. Білім беру жүйесінде жастарға сапалы білім беріп, олардың үйлесімді дамуы мен тұлға ретінде қалыптасуында ұстаздың кәсіби шеберлік көрсеткіштерінің бірі - жалпы педагогикалық, ғылыми-теориялық, әдістемелік жаңалықтар мен озық тәжірибені жетік меңгеруі болып табылады [3]. Осымен байланысты жаңартылған білім беру бағдарламасының ең негізгі мақсаты - оқушыларды сындарлы оқытуға үйрету, әлемдік білім кеңістігіне қол жеткізу, инновациялық білім негіздерін терең меңгерту, білім алушылардың оқу нәтижелерін жетілдіру болып табылады. Орта білім мазмұнын жаңартудың көптеген компоненттері, соның ішінде мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы осы мақсатқа бағытталған.

Ф.М.Достоевскийдің айтқанындай *«Өзіңнен өзіңді іздей біл, өзіңе өзің бағына біл, өзіңді өзің тани біл»* деп, әр мұғалім өзі бала болғанын, өзінің ата-ана екенін, өзінің оқытушы болып қалыптасуын ой елегінен жиі-жиі өткізіп отырса ғана, өзгенің алдындағы жауапкершіліктің сырын бірден айқындай бастайды.

Қазіргі таңда Қазақстанда білім беру бағдарламасы аясында оқу үрдісіндегі күтілетін нәтижесі мен білім алу үрдісінің бір бөлігі ретінде білім алушыға *қалай оқып, оны қалай оқыту керектігін* меңгерту болып табылады. Ұстаз болу оңай емес, дегенмен, ешқандай мамандық мұғалім сияқты талаптарды қоя алмайды. Педагогтің қызметін бағалау қиынға соғып, жұмысының сапасы сызғышпен өлшенбейді, таразыға тартылмайды. Мұғалім мамандығының иелеріне болашақ ұрпаққа әнегелі бастау алатын жарқын үлгісі, қиялын самғатып, арманын көкке ұсындырушы.

Қорыта келе, "Бүгінгі таңда оқытушының ең қасиетті міндеті – рухани жан дүниесі бай, жан-жақты бағыттағы технологияларды меңгерген, заманауи идеяларға толыққанды, дамыған дарынды тұлғаны қалыптастыру. Әрбір білім алушының жас ерекшелігін, білім деңгейі мен қабілетін, талантын ашып, өзіне-өзі сенімін нығайтып, өзіне жол ашуына мүмкіндік жасауымыз керек".

Пайдаланған әдебиет

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық Бірінші (ілгері) деңгей. 2014ж
2. «Тәжірибедегі рефлексия» жалпы білім беретін мектептердегі педагогика кадрларының кәсіби даму бағдарламасы Тренерге арналған нұсқаулық. 2016ж
3. «Студенттерге арналған нұсқаулық», Педагогикалық шеберлік орталығы, Астана, 2015 ж.